



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІLET МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 11 ж. «23 » ~~жарыс~~ КҮРГІЗІЛДІ

№ 5854 - 1900 - АВ

Бастапқы тіркелген күні

1992 ж. «15 » ~~сәуір~~



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІLET МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРИСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 15 ж. «21 » ~~жарыс~~

БҮРҮН 1992 ж. «15 » ~~сәуір~~ ТІРКЕЛДІ

БСН 92 0440 00 11 02

«Bank RBK» Банкі акционерлік қоғамының

«Bank RBK» АҚ

ЖАРҒЫСЫ

«Bank RBK» АҚ
акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жинальсымен
«29» желтоқсан 2014 жылы
бекітілген

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР, АТАУЫ, ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ, МӘРТЕБЕСІ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРИ

1.1. «Bank RBK» Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан bylai – «Банк») «Мекен» жеке банкін (ол 1992 жылғы 18 наурызда құрылған) иелену негізінде 1996 жылғы сәуірде құрылған «Қазақстан Инновациялық Коммерциялық Банкі» акционерлік қоғамының құқылы мирасқоры болып табылады.

1.2. Банктің атауы:

Толық атауы:

- | | |
|-----------------|---|
| қазақ тілінде | - «Bank RBK» Банкі» акционерлік қоғамы |
| орыс тілінде | - Акционерное общество «Банк «Bank RBK» |
| ағылшын тілінде | - Bank «Bank RBK» Joint Stock Company |

Қысқартылған атауы:

- | | |
|-----------------|-----------------|
| қазақ тілінде | - «Bank RBK» АҚ |
| орыс тілінде | - АО «Bank RBK» |
| ағылшын тілінде | - Bank RBK JSC |

1.3. Банк заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында оқшауланған мүлікке ие және міндеттемелері бойынша осы мүлкімен жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды және міндеттерді атқара алады, сotta шағым беруші және жауап беруші бола алады.

1.4. Банктің ресми мәртебесі тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуімен және банктік операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан bylai – «уәкілетті орган») берген лицензиясының болуымен анықталады.

1.5. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін, Қазақстан Республикасы жасаған және ратификациялаған халықаралық шарттарды (келісімдерді), уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын басшылықта алады.

1.6. Банк материалдық құндылықтарының сақталуын және қызметкерлерінің жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заңнамамен белгіленген тәртіpte Банктің қауіпсіздік қызметін ұйымдастыруға құқылы.

1.7. Банк басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіpte еншілес ұйымдарын, филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

1.8. Банктің мөрлери, мөртаңбалары, атауы көрсетілген бланктері, логотипі бар. Банктің логотипі тіркелген тауар белгісі болып табылады.

1.9. Атқарушы орган орналасқан жер Банктің орналасқан жері болып табылады: 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әди Шәріпов көшесі, 84.

1.10. Банктің қызмет мерзімі шектелмеген.

1.11. Меншік нысаны – жеке меншік. Банк ірі кәсіпкерлік субъектісі мәртебесіне ие.

1.12. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны – акционерлік қоғам.

II. АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

2.1. Банктің қызмет мақсаттары:

- 1) Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына көмектесу;
- 2) кіріс алу және Банк акционерлерінің дивидендтер алуын қамтамасыз ету арқылы акционерлердің мүддесінде пайдалану;
- 3) банктік қызметтер атқару және түрлерін кеңейту.

Банк жарғылық мақсаттарына жету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік операциялар кешенін атқарады.

2.2. Банк уәкілетті органның лицензиясы болғанда Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған банктік және басқа операция түрлерін атқарады.

2.3. Банк уәкілетті органның лицензиясы болғанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет атқаруға құқылы.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбайтын басқа да қызмет түрлерін атқаруға құқылы.

III. БАНКТИҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҰЛКІ

3.1. Банктің мұлкі жарғылық капиталдан, бөлінбеген таза кірістен, құны Банктің дербес балансында көрініс табатын басқа да негізгі және айналымдағы құралдардан құралады. Банк міндеттемелері бойынша мұлкінің шегінде жауапкершілік көтереді. Банк акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларды есептемегендеге өздеріне тиесілі акцияларының құны шегінде Банк қызметінен шығындар тәуекелін көтереді.

Банк немесе мемлекет өзіне жауапкершілік алатын жағдайларды есептемегендеге Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және мемлекет те Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3.2. Банк мұлкі оған жеке меншік құқығында тиесілі.

3.3. Банк мұлкінің құралу көздері:

1) Банктің жарғылық капиталы;

2) Банк қызметінен алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаган басқа көздер.

3.4. Банктің Жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес анықталатын және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында берілетін акцияларды орналастыру құны бойынша құрылтайшылар мен инвесторлардың акцияларды төлеуі арқылы қалыптасады.

3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды есептемегендеге Банктің акциялары орналастырылғанда акшалай (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында) ғана төленуі керек.

3.6. Жарғылық капитал Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы ұлғайтылады.

IV. БАНКТИҢ ДИНАМИКАЛЫҚ РЕЗЕРВІ

4.1. Банктік қызмет атқарумен байланысты шығындардың орнын толтыру мақсатында Банк динамикалық резерв құрады. Динамикалық резерв жай акциялар бойынша дивидендер төлегенге дейін құрылады. Банк салықтардың және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің келіп түсін қамтамасыз ету саласын басқаратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіpte және талаптарда динамикалық резерв құруға міндетті.

4.2. Динамикалық резервтің нақты мөлшері салықтардың және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің келіп түсін қамтамасыз ету саласын басқаратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ен аз мөлшерден аз болса, Банк жай акциялар бойынша дивидендер есептеуге (төлеуге) құқықсыз.

4.3. Банк түрлерін, пайдалану тәртібін Директорлар кеңесі анықтайтын басқа корларды құруға құқылы.

V. АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚАҒАЗДАРЫ

5.1. Банк жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқықсыз. Банк акциялары құжатсыз нысанда шығарылады.

5.2. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқыктарды пайдаланады.

5.3. Акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру, сондай-ақ жай акциялары бойынша дивидендер төлеу талаптары мен тәртібі Банктің акциялар шығару проспектісімен белгіленеді.

5.4. Банк шығару, орналастыру, айналдыру және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін облигацияларды, туынды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

5.5. Банк шығарылатын акцияларға опциондар жасауға құқылы.

5.6. Банк айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

5.7. Бағалы қағаздарды айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісімен анықталады.

5.8. Банк акциялар шығарылымының проспектімен анықталатын тәртіpte және талаптарда жай акцияларына айырбасталатын артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы.

5.9. Банк акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін оларды орналастыруға құқылы. Банктің Директорлар кеңесі жарияланған акциялардың саны шегінде Банк акцияларын орналастыру туралы шешім қабылдайды.

5.10. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жинальсына қатысу құқығын, Банктің таза табысы болған жағдайда дивидендер, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.11. Банк артықшылықты (және/немесе жай акцияларға айырбасталатын артықшылықты акциялар) шығарған жағдайда артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендер алуға және Банк таратылған кезде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

5.12. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жағдайларды есептемегендеге артықшылықты және/немесе жай акцияларға айырбасталатын артықшылықты акциялар акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

5.13. Акционер акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағазды артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беру үшін берілетін отыз күн ішінде акцияларын немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағазды, соның ішінде жай акцияға айырбасталатын артықшылықты акцияны шеттеткен жағдайда бұрынғы иесі осындай өтінім бермесе, осы құқық акцияның немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздың жаңа иесіне өтеді.

5.14. Артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды иеленетін акционерлерді есептемегендеге Банк жазылу арқылы орналастырған акциялар осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай бағаға сатылуды керек. Акционерлер Банктің Директорлар кеңесі белгілеген бірыңғай орналастыру бағасымен артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды сатып алады.

5.15. Бағалы қағаздардың екінші нарығында Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан көп пайызын дербес немесе аффилирленген тұлғаларымен бірге сатып алғысы келетін тұлға уәкілетті орган белгілеген тәртіpte оған және Банкке хабарлама жіберуге міндетті. Хабарлама сатып алынатын акциялардың саны, болжамды сатып алу

бағасы туралы мәліметтерді, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталған басқа да мәліметтерді қамтуы керек.

5.16. Банк акционерлерінің Банк акцияларын сатуына кедергі келтіруге құқықсыз. Банк акцияларын сатқысы келетін тұлғага ұсынылған бағадан асатын баға Банктің өзінің немесе үшінші тұлғалардың сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы, акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтерді қамтуы керек.

5.17. Бағалы қағаздардың екінші нарығында Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан көп пайзын дербес немесе аффилииленген тұлғаларымен бірге сатып алған тұлға сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде бұкаралық акпарат құралдарында өзіне тиесілі Банк акцияларын сату туралы ұсынысты жариялауға міндетті. Акционер сату туралы ұсыныс жасалған күннен бастап отыз күннен көп уақытта өзіне тиесілі акцияларын сату туралы ұсынысты қабылдауға құқылы.

5.18. Банк «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіpte кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін басқа мақсаттарда өз бастамасы бойынша сатып алғанда акциялардың құнын анықтау әдістемесіне сәйкес орналастырылған акцияларды сатып алады.

5.19. Банк акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді, бірақ артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есептемегенде дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының жай көпшілігімен қабылдануы керек.

5.20. Бір артықшылықты акцияға дивидендтің кепілдікті мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде жылына бір рет төленеді және 0,01 теңге мөлшерінде белгіленеді.

Дивидендтер төленетін қаржы жылының корытындылары бойынша таза табыс ≤ 0 болса, кепілдікті дивиденд төленеді.

Егер $TT \leq 0$ болса, мұндағы

TT – таза табыс,

бір артықшылықты акцияға дивиденд 0,01 теңге болады,

Егер $0 < TT < N * 10 000 * (i + 2\%)$, мұндағы

N - артықшылықты акциялар саны,

i – алдыңғы жылғы айына сәйкес дивидендтер төленетін қаржы жылындағы желтоқсан айы үшін Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі жарияланатын тұтыну бағалары индексінің артуы /төмендеуі ретінде есептелген инфляция (%) индексінің төмендеуі минус 100%),

онда $D^{pr/a} = TT/N$, мұндағы

$D^{pr/a}$ - 1 артықшылықты акцияға дивиденд.

Егер $TT > N * 10 000 * (i + 2\%)$, онда

$D^{pr/a} = 10 000 * (I + 2\%)$,

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендті есептегендегі келесі мән белгіленген:

4% деңгейіндегі инфляцияның төменгі шегі,

9% деңгейіндегі инфляцияның жоғарғы шегі.

5.21. Акционердің жазбаша келісімі болғанда Банктің жарияланған акцияларымен және шыгарылған облигацияларымен төленген жағдайдаға Банктің акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге жол беріледі.

Дивидендтер алуша құқылы акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні құрастырылуы керек. Акцияларды шеттету туралы шартпен басқаша қарастырылмаса, дивидендтер төленбеген акциялар жана иесіне акцияларды алу құқығымен шеттетіледі.

5.22. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу кезенділігі Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Банк орналастырмаған немесе сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмеді және төленбейді.

5.23. Келесі жағдайларда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) Банктің меншікті капиталының мөлшері теріс болса немесе акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде меншікті капитал мөлшері теріске айналса;

2) Банк банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қаблетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде Банкте аталған белгілер пайда болатын болса.

5.24. Акционер Банк берешегінің күрылу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбекен жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе сәйкес бөлігін орындау күнгі уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімақы төленеді.

5.25. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz веб-сайтында міндettі түрде жарияладап, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.26. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz веб-сайтында жариялануы керек. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді қамтуы керек:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияга есептелген дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтерді төлеу басталған күн;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі және нысаны.

VI. БАНКТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРИ

6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес заңды және жеке тұлғалар Банк акционерлері бола алады.

Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларды есептемегендеге акциялардың күны шегінде Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Ірі акционер деп бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайзызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер танылады.

Банктік заңнамага сәйкес Банктің ірі катысуышы – уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес Банктің орналастырылған (артықшылықты және банк сатып алғандарды шегергенде) акцияларының он немесе одан көп пайзызын тікелей немесе жанама иелене алатын немесе келесідей мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (иесі мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг болған жағдайларды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайларды есептемегендеге):

- 1) Банк акцияларының он немесе одан көп пайзызымен тікелей немесе жанама дауыс беру;
- 2) шарттың күшінде немесе уәкілетті органның нормативтік күкірткық актісімен анықталатын тәртіпте басқаша Банк қабылдайтын шешімге әсер ету.

6.2. Банк акционерлері құқылы:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналышымен немесе Жарғымен анықталған тәртіпте Банктің қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алуға;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналышына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайзызын дербес немесе басқа акционерлермен бірге иеленгенде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 63 және 74-баптарымен қарастырылған жағдайларда ірі мәмілелерді және (немесе) жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірген шығындарды өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилииrlenген тұлғаларының алған табысын (кірісін) банкке қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;
- 8) Банкке қызметі туралы жазбаша сұраулар беруге және Банкке сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 9) Банк тарағанда мүлкінің бір бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларды есептемегендеге «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте акцияларын немесе акцияларына айырбасталатын Банктің бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 11) жазбаша сұрау бойынша Банктің келесі құжаттарының көшірмелерін алуға:
Банк Жарғысы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толыктырулар;
акционерлердің жалпы жиналыштарының хаттамалары (хаттамадан алынған үзінді жазба);
Банктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді атқаруына алған лицензиялары;
Банктің бағалы қағаздар шығарылымының проспектілері;
қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қоргалатын құпияны құрайтын ақпаратты беру бойынша Банк шектеулерін есепке ала отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған басқа құжаттар.

6.3. Ирі акционер құқылы:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тарткан жағдайда оны шақыру туралы шағыммен сотка жүгінуге;
- 2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуі ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен Банк аудитін аудиторлық ұйымның жүргізуін талап етуге.

6.4. Банк Акционерлері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) тіркеушіге және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Банк немесе қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын акпаратты таратпауға;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

VII. БАНКТІ БАСҚАРУ

7.1. Банктің органдары:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналышы;
- 2) басқарушы орган – Директорлар кенесі;
- 3) атқарушы орган – Баскарма;

4) Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын орган – Ішкі аудит қызметі.

Банк қызмет тәртібі Банктің ішкі процедурларымен және ішкі нормативтік құжаттарымен анықталатын тұрақты қызмет атқаратын комитеттерді құруға құқылы.

VIII. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8.1. Акционерлердің жалпы жиналыштары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналышын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыштары кезектен тыс болып табылады.

8.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналышында Банктің жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шакқандағы дивиденд мөлшері белгіленеді және Банк пен лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштері, оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе қарастырылады.

8.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде өткізуі туіс.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, оларды өзгерту;

6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;

8) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес акциялары ұйымдастырылмаған нарықта сатып алынғанда Банк олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (құрылтай жиналышымен бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);

9) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Директорлар кенесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кенесінің мүшелеріне сыйакы төлеудің және міндеттерін орындағаны үшін шығындарын етегу мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

12) жылдық каржы есептілігін бекіту;

13) Банктің есепті каржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

15) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайзын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне катысуы немесе басқа заңды тұлғалардың катысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz веб-сайтында орналастыру туралы шешім қабылдау;

17) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;

18) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Банк Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

19) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

20) шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Банк Жарғысында акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен (кем дегенде төрттен үші мөлшерінде) қабылданады.

Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Жарғыда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналышының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге катысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

8.5. Акционерлердің жалпы жиналышы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Катысу тәртібінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналышында коммерциялық құпияны құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде Банк акционерлері болып табылмайтын тұлғалар да катысып, сөз сөйлей алады. Аталған тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге катысуга құқықсыз.

8.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Акционерлердің жалпы жиналышын әзірлеу мен өткізуі:

1) Басқарма;

2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.

8.7. Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуга және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Банктің тіркеушісі жасайды.

Акционерлерге алда жалпы жиналыш өткізілетіні туралы жиналыш өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

Уәкілетті органның талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген пруденциалдық және басқа нормаларды және лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы

мәселе енгізілген Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін жағдайда акционерлер алдағы Жалпы жиналысының өтуі туралы он жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында жиналыстың өтуіне дейін қалған он ес жұмыс күнінен кешіктірілмей хабар алуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлердің назарына жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткіzlуге тиіс. Банк акционерлерінің саны елуден асатын болса, хабарлама Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz веб-сайтында жариялануы керек.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналаскан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Банк акционерлерінің өткіzlуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі болуы тиіс.

8.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны акционерлерге Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

8.9. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайзызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

8.10. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысында Банк Баскармасы мүшелерінің акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Өкіл болу Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауларды қамтитын сенімхатқа негізделген жағдайларды есептемегендеге Банк қызметкерлері Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқықсыз.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхаттыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

Артықшылықты акцияларға ие Банк акционері қатысу тәртібінде өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

8.11. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін раставтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналышы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналышы жалпы жиналыштың төрағасын (төралқасын) және хатшысын (хатшылығын) сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналышы ашық немесе жасырын (бюллетенъдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Жиналышка катысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері акционерлердің жалпы жиналышында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналышын күн тәртіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

8.12. Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналышына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналышының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетенъдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Дауыс беруге арналған бюллетенъ акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналышының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Акционерлерінің саны бес жұз және одан да көп когам акционерлердің жалпы жиналышын өткізбей, сырттай дауыс беретін болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналышында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъді акционерлердің жалпы жиналышының өткізілетіні туралы хабармен бірге Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz веб-сайтында жариялауға міндетті.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъде:

1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) акционерлердің жалпы жиналышын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді берудің соңғы күні;

4) акционерлердің жалпы жиналышы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналышының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;

5) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

8) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жактайды», «карсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұскалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенъді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

8.13. Келесі жағдайларды есептемегендегі Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» кагидасты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді (дауыс беруге қатысатын әрбір акцияға Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны келетін);

3) акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналышын өткізуіндегі рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді.

8.14. Дауыс беру корытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру корытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Банкің есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндettі.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналышының барысында жария етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналышының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналышы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz веб-сайтында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

8.15. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы жиналыш жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасында:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналышының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) Банктің акционерлердің жалпы жиналышындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналышының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналышының төрағасы (төралкасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналышына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауыска қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналышында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасында:

- 1) акционерлердің жалпы жиналышының төрағасы (төралка мүшелері) және хатшысы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін және акционерлердің жалпы жиналышына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндettі тұлға қол қоя алмаса, хаттамаға оның өкілі берілген сенімхаттың негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін танытуға құқылы тұлға қолын қояды.

8.16. Банкте акционерлер санының жүзден аз болуына байланысты есеп комиссиясының функциясын акционерлердің жалпы жиналышының хатшысы жүзеге асырады. Банк акционерлерінің саны жүз және одан көп болса, есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналышында сайланады. Банктің есеп комиссиясының (Акционерлердің жалпы жиналышы хатшысының) өкілеттіктер мерзімін Акционерлердің жалпы жиналышы анықтайды.

IX. БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

9.1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Жарғыда акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

9.2. Мынадай мәселелер директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын, даму стратегияларын белгілеу және /немесе Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;

- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ак қайта шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ак олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) Басқарманың басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 9) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ак олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне енбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін, сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 11) аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті үшін қызмет төлемінің мөлшерін, сондай-ак Банк акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
 - 12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарына жазылу және аукциондар өткізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) басқа занды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан көп пайзызын Банктің сатып алуы (сатуы) туралы шешім қабылдау;
 - 15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайзызы Банкке тиесілі занды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
 - 16) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайзызы болатын шамаға көбейту;
 - 17) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де қупия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 18) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мұдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 19) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;
 - 20) Директорлар кенесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- Директорлар кенесінің ерекше құзыретіне жататын мәселелер Басқарманың шешуі үшін берілмейді.
- Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кенесінің шешім қабылдауға, сондай-ак акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға күкіғы жоқ.

9.3. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі ықтимал мұдде дауларын, соның ішінде Банк меншігінің заңға қайшы пайдаланылуын, мүдделілік бар мәмілелер жасағанда қияннаттың жасалмауын қадағалауға және мүмкіндігінше түзетуге;

2) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауға тиіс.

9.4. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционер - жеке адамдар;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) Банк акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (нұсқау берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер ұсынылған жағдайды есептемегендеге Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы дауыс беруге арналған бюллетенінде қолданыла отырып жүзеге асырылады. Кумулятивті дауыс беру бюллетенінде келесі бағаналар болуы керек:

1) Директорлар кеңесіне мүше болуға үміткерлер тізімі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) Директорлар кеңесіне мүше болуға үміткер үшін акционер берген дауыс саны.

Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетенінде «қарсымын» және «қалыс қаламын» деген дауыс беру үшін кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетенінде енгізуге тыйым салынады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлағанда акционерлерге үміткердің жасы, білімі туралы акпарат, жұмыс орындары, соңғы үш жылда атқарған лауазымдары, Банкке қатысты аффилиирлігі туралы мәліметтер, үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа акпарат беріледі.

Басқарманың басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайланады. Басқарманың басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде уштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмайды.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жинальсы белгілейді.

9.5. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

